

## Он жеті жасқа толатын азаматтарды әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімінің 2009 жылғы 08 қаңтардағы N 42 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2009 жылы 09 қаңтарда N 10-1-106 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қаласы әкімінің 2012 жылғы 05 желтоқсандағы N 533 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қаласы әкімінің 2012.12.05 N 533 Шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңдарына с ә й к е с

**Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Қызылорда қаласында 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде әскери есепке тіркеу жұмыстары жүргізілсін.

2. Тіркеу жұмысын жүргізу үшін қалалық шақыру учаскесіндегі тіркеу комиссиясы (әрі қарай - комиссия) құрылсын және оның құрамы осы шешімнің 1-қосымшасына с ә й к е с бекітілсін.

3. Әскери есепке тіркеу кестесі осы шешімнің 2-қосымшасына с ә й к е с бекітілсін.

4. Қалалық шақыру учаскесінде есепке тіркеу комиссиясына жұмыс барысын және күн тәртібін айқындау ұсынылсын.

5. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінен (келісім бойынша) келісім бойынша:

1) әскери есепке тіркеу үшін шақырылу учаскесінен өтетін азаматтардың денсаулығын куәландыруға дәрігерлер мен аяжандармен қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) әскери есепке тіркелуге жататын азаматтардың денсаулығын тез арада қайта тексеруге, әрі емдеуге қаланың емдеу мекемелеріне нұсқау беру ұ с ы н ы л с ы н .

6. "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесіне Қызылорда қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасына есепке тұрған жұмыссыз азаматтардың ішінен өз еркімен қоғамдық жұмысқа араласатын 40 (қырық) адам бөлу тапсырылсын.

7. Қалалық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тіркеуге алу кезінде іздеу салу тобына және шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз ету үшін қалалық ішкі істер бөлімінен қызметкерлерді бөлу ұсынылсын.

8. Қаладағы мемлекеттік мекеме және кәсіпорындар, мемлекеттік емес ұйым және оқу орындарының басшыларынан әскери есепке тіркелмеген әскери қызметке шақырылуға жататын жасы келген азаматтарды медициналық комиссиядан өту мерзімі барысында жұмыстан (сабақтан) дер кезінде босатылу сұралсын.

9. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары А. Мұхимовқа жүктелсін.

10. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Ергешбаев

" К е л і с і л д і "

Мұхамбетов Рахметулла Қамашұлы  
Қызылорда қаласының қорғаныс  
істер жөніндегі басқарма бастығы

"31" желтоқсан 2008 жыл

Баймаханов Болат Бимендыұлы  
Қызылорда облысының денсаулық  
сақтау басқармасының бастығы

"22" желтоқсан 2008 жыл

Муютов Бақыт Жолшыұлы  
Қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы

"19" желтоқсан 2008 жыл

Баймаханов Сәбит Ахмедиярұлы  
Қалалық ішкі істер бөлімі  
бастығының қызмет жөніндегі  
орынбасары, полиция полковнигі

"19" желтоқсан 2008 жыл

Тұрсынбаев Серікбай Сыздықұлы  
Қызылорда қалалық 1-ші емхана дәрігері

-----  
"19" желтоқсан 2008 жыл

Алиакбарова Мафура Алиакбарқызы  
N 1-ші қалалық емханасының медбикесі

-----  
"19" желтоқсан 2008 жыл

Қызылорда қаласы әкімінің  
2009 жылғы 8 қаңтардағы N 42  
шешіміне 1-қосымшасы

### Қалалық шақыру учаскесінің тіркеу комиссиясының құрамы

Мұхамбетов Рахметулла Қамашұлы	-	"Қызылорда қаласының қорғаныс істер жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Мұхимов Абзал Сансызбайұлы	-	қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
Баймаханов Сәбит Ахмедиярұлы	-	Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі бастығының қызмет жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі (келісім бойынша);
Тұрсынбаев Серікбай Сыздықұлы	-	N 1 қалалық емхана дәрігері, медициналық комиссиясының төрағасы (келісім бойынша);
Алиакбарова Мафура Алиакбарқызы	-	N 1 қалалық емханасының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).